

Кәсіптік бағдар беру

21 қараша күні «Саналы азамат» базалық жобасы аясында Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаментінің Хромтау ауданындағы төтенше жағдайлар бөлімі кәсіби бағдар беру мақсатында Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар комитетінің Көкшетау техникалық институтында даярланатын мамандар мен оқу орны жайлы мәліметтермен таныстырып, жоғары сынып білім алушылары Ақтөбе облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары азаматтық қорғау полковнигі Өтегенов Ернұр Сапарұлымен, Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаментінің авариялық құтқару жұмыстары мемлекеттік мекемесінің бастығының орынбасары азаматтық қорғау полковнигі Зулкашев Мәлік Бақтыгерейұлымен, Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаментінің кадр бөлімінің бастығы азаматтық қорғау майоры Әділбеков Ербол Шынболатұлымен кездесті. Атаулы шара аясында сурет салу, мәнерлер оқудан байқаулар ұйымдастырылып, бишілер тобы флеш моб биледі. Келген қонақтар байқауға қатысушыларды мақтау қағаздарымен марапаттады. Хромтау аудандық төтенше жағдайлар бөлімі мамандары өрттің алдын алуға байланысты оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізді.





Орындаған: Жасаганбергенова Б